

УДК 100.7.

ӨЗІН - ӨЗІ ТАЛУДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ СИПАТЫ

Н.Р. Мұсаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Адам өмірінің мәні – адамның өмірден өз орнын табуы, өмірдің жоғары құндылықтарын өзінің түпкі мақсатын анықтауы. Яғни, адам өмірі өмірлік мақсатқа негізделсе ғана мәнді болады. Ал мақсатсыз адамның өмірі мазмұнсыз, жалған өмір. Мәнді, мақсатты өмір сүру үшін адам адамгершілік қасиеттерді – ар, ұят, ізгілік, қанағат, әділдікті бойына жинап, оларды өзінің

іс - әрекеттерінде іске асырып отыруы қажет. Осы қасиеттер адамға адам болып қалуға, өз өмірін өзгертуге көмектесіп, мәнді өмірге жеткізеді. Мәнді өмірге ұмтылу деген сөз – руханилыққа ұмтылу деген сөз.

Ал осы біз қайта – қайта шегелеп, нақтап атап көрсеткен мән, мағына, руханилық кез келген адамға тән нәрсе ме? Кез келген адам өмірдің мәні мен мағынасы туралы ойлана ма? Даму ағымы жүрдек, қым – қиғаш оқиғалар мен күтпеген кездейсоққа толы қазіргі заманда мән, мағына туралы ойлануға уақыт бар ма? Мұндай сұрақтар бола береді және болуы заңды. Өйткені адам баласы, оның адамилық, тұлғалық күші мен қуаты осындай ұдайы ізденістерден, өзіне - өзі риза болмаушылықтан, өзін - өзі ұдайы қайшылап, мазасызданғандықтан туындайды. Оларға жауап іздеп, уақыт пен мәдени - әлеуметтік үрдістің мүмкіндігіне қарай шеше отырып, адам дамиды.

Уақыт пен кеңістіктегі, жалпы өркениеттегі бірде – бір сәт тоқтамайтын үздіксіз даму мен өзгеру адамға да әсер етеді. Бірақ қай уақытта да болмасын оның бітім – болмысында біте қайнасқан құрылымдық рухани негіздері бар. Солардың болуы адамды тұлғалық деңгейге көтереді, оған өзіндік, қайталан байтын, таптырмайтын қадір – қасиет, рең береді.

XX ғасырдың 70 жылдарында кеңес ғалымы М.С.Каган «Тұлғаның философиялық теориясын құру жөнінде» тақырыпты мақаласында тұлғаның іс - әрекеттік құрылымында бір – бірімен тығыз байланысқан бес аса маңызды қуаттың, күштің бар екендігін көрсеткен: а) танымдық – ақпараттың көлемі мен сапасы; б) аксиологиялық – саяси, діни, эстетикалық, адамгершілікті бағыттаушы тұрғыдағы құндылықтар жүйесі; в) шығармашылық - әрекет істеуге икемділігі, дайындығы және қабілеттілігі; г) коммуникативтілік – араласу, қарым – қатынасу мүмкіндігінің сипаты мен көлемі; д) өнер сүйгіштік - өнер құндылықтарын игеруге және жасауға қатысу мәселесі.

Каган ұсынған құрылымдық жүйенің мықты жағы, ең алдымен, «субъект - объект», «субъект - субъект» қарым – қатынасының барлық жағын қамти алуы және тұлғалық іс - әрекеттің ең іргелі, қажетті жақтарын бір – бірімен өзара тығыз байланыста көрсете алуы.

М.С. Каган ерекшеленген белгілер адам іс - әрекетінің барлық түріне тән.

Кез келген іс - әрекетте адамның тұлғалық қасиеттері көрініс береді.

Адам іс - әрекетінің іргелі түрі тіршілік етуге қажетті құндылықтарды жасауға бағытталған еңбек ету әрекеті. Материалдық – практикалық іс - әрекеттің екінші маңызды түрі - әлеуметтік өмірді жақсартуға негіз болатын әрекеттері. Бұлар әртүрлі және жан – жақты. Мысалы азаматтардың жеке бостандығы мен тәуелсіздігі, олардың ұлты, діні, жынысына қарамастан заң алдындағы теңдігі, сөз бостандығы, бірлестіктер құру, т.б. бостандықтар.

Адам іс - әрекетінің үшінші формасы отбасылық – некелік қатынастармен байланысты. Әр адам қоғамның маңызды негізі болып табылатын отбасында өмір сүреді, тұлға ретінде жетіледі.

Материалдық – практикалық іс - әрекеттің төртінші түрі - өзін - өзі физикалық жағынан жетілдіруге бағытталған іс - әрекеті. Іс - әрекеттің соңғы, бесінші түрі – эстетикалық іс - әрекет, яғни табиғи және қоғамдық болмыстың әдемілігін түсінуге, содан өмірге қажетті нәр, қуат алуға бағытталады.

Біз атап өткен материалдық – практикалық іс - әрекеттердің авторы да кейіпкері де адам болғандықтан соған сәйкес рухани практикалық іс - әрекеттің тұлғалық деңгейіндегі дербес түрлерін оқшаулауға болады.

Бұл, ең алдымен, танымдық іс - әрекет. Табиғат пен әлемді рухани – практикалық тұрғыдан игерудің маңызды процесі бола отырып, бұл әрекет ақиқат жолындағы шығармашылықты көрсетеді.

Рухани – практикалық іс - әрекеттің іргелі, маңызды түрі ретінде субъектінің адамгершілік белсенділігін көрсету қоғамдық өмірді, қарым – қатынасты игілік, жақсылық тұрғысынан дамыту қажеттігінен туындайды.

Қоғамдық субъектінің басқа адамға рухани – практикалық белсенділік тұрғысынан өзімен тең субъект ретінде қарауы жағымды, барлық жағынан тиімді қарым – қатынастарды тудырады. Адамдар бір – біріне жолдастық, рухани бірлік тұрғысынан ұмтылады. Оның негізгі мағынасы – жан – жақты бірін – бірі тұлғалық тұрғыдан рухани байытуы, өресін кеңейтуі.

Осы іс - әрекеттің маңызды түрі тәрбиелік іс - әрекет.

Адам алдымен өзін - өзі тәрбиелеуі қажет.

Қоғамдық субъектің рухани – практикалық белсенділігінің өзіне, өзінің болмысына қатысты түрі - өзіндік сананы тәрбиелеп, өзін - өзі жетілдіруі.

Қоғамдық сала да, жеке адам тәрбиесінде де еске әруақытта алып отыратын мынадай заңдылықтар бар. Бұл - тіршіліктің, қоғамдық даму логикасының қатаң заңдары.

Тіршілік бар жерде өлім де бар. Басталу бар, біту де бар. Айбат шегер кез бар, азап шегер кез де бар. Алшаң басып жүрер кез бар, бауырымен жорғалап, пұшайман болар кез де бар. Алып динозаврдың дәуірі бар, жермен жексен «кесірткенің, тасбақаның да заманы бар. Асқындау бар, аласару да бар. Қашсаң қуып жететін, омалып отырсаң астыңды ұңғитын, қарсы ұмтылсаң жол тауып жалтаратын өзгермелі өмір бар.

Телегей теңіздер мен шөлейттерді, ну ормандарды елең қылмайтын, үлкен – үлкен кашықтықтан тіпті саспайтын жаһандану деген «керемет» белең алып, жер бетін түгел тегістейтін пиғылды көрсете бастағандығы бәрімізге аян. Оның бер жағында терроризм, экстремизм сияқты ұранды алға тартып, басқаның жері мен тауына, байлығы мен несібесіне көз аларта бастаған экспанциялық пиғыл да бой көрсетуде.

Ақпараттық, технологиялық жетістіктерге негізделген қазіргі өркениеттің жүрдек тынысы адам үшін бұрын соңды болмаған қиыншылықтар мен қайшылықтарды туындатуда.

Экологиялық күйреу, экономикалық қылмыстардың өсуі, моральдық құндылықтардың аяқ асты болуы, отбасылық қатынастар іргесінің жоғалуы сияқты рухани күйреу, белгілері терендей түсуде.

Міне, осындай қиын – қыстау, қым – қиғаш қайшылықтарға толы әлеуметтік – мәдени үрдіс жағдайында тіршіліктің қатал заңдылықтарын дер кезінде түсініп, өзін - өзі ұйымдастыра білу адамның тұлғалық күші мен қуатын қажет ететіні сөзсіз.

Қазіргі заман талабына сай келетін тұлғаның бейнесін немесе бітім болмысын сомдан көрейік. Басқаша айтсақ, бізге қандай адамдар ауадай қажет?

Рухани тағышар, мүсәпір адамға азаматтық қуаты мол рухани бай адамды қарсы қоюымыз қажет. Оны қайдан аламыз? Әрине, өз арамыздан. Біз оларға бірнеше сапалық талап қоямыз.

1. Тұлғаның рухани – адамгершілік сапасы. Гуманизм. Оның негізінде басқа адамға деген ізеттілік, мейірімділік, қадір – қасиетін сыйлау, құрметтеу жатыр.

2. Тіршіліктің ұдайы өзгеруіне жылдам бейімделу қабілеті. Яғни жаңа, тың нәрселерге ашық болу. Қазіргі адамға тек біліп қана қою жеткіліксіз. Ол кез келген жағдайға дайын болуы керек, яғни өзін өзі ұйымдастыруға, өзінің барлық мүмкіндіктерін икемдеуге тиіс.

Қазіргі адам - әмбебап адам. Ол білімді де білікті, өзінен басқалармен араласып, тілін таба біледі. Оның өне бойында дүниетанымдық принциптер (философиялық деңгей), адамгершілік мұраттары мен идеалдары (этикалық – аксиологиялық деңгей), тапқырлығы мен икемділігі, жол тауып кеткіштігі (психологиялық деңгей) және тәрбиелілігі (педагогикалық деңгей) мүлгіген.

3. Плюрализм. Басқа адамның көз – қарасына, идеалдары мен мұраттарына төзімділікпен қарау. әлеуметтік жағдайына қарамай, қадір – қасиеті мен тәуелсіздігін мойындау.

4. Өзін - өзі мақсатқа берілгендікке тәрбиелеу, яғни әруақытта белгілі мақсатқа ұмтылушылық. Бұл адамнан жинақылықты, тап – түйнақтай тазалықты, уақытты үнемдеуді қажет етеді. Әрине, іс - әрекет пен әр түрлі қимылдарды жоспарлап қою артық болмайды.

5. Интеллект. Білім алу мен оқып үйренудің жоғары бағалануы.

6. Өзіне - өзі сену, әділдікке сену.

7. Болашаққа ұмтылу.

Бұлардан басқа қазіргі уақытта өте қажет, бірақ көп адамдарға жетіспей жатқан аса маңызды қасиет – жауапкершілік.

Жауапкершілік дегеніміз - өзі істеген әрекеті мен қимылдары, сөйлеген сөзі, өзінің міндеттерін орындаудағы адалдығы мен тәртібі үшін қоғам алдында, ары алдында жауап беруге моралдық дайындығы. Жауапкершілігі жоғары адам өзінің парызына да адал.

Парыз мемлекет, қоғам, адамдар және өзінің алдындағы міндеттерін орындауды түсінуі мен дайындығы.

Парыз бен жауапкершілік бір – бірімен тығыз байланысқан. Өйткені парыз алға қойылған міндеттен туады, яғни міндет адамға парызды жүктейді.

Бауыржан Момышұлы парыз ұғымына мынадай анықтама береді: «Парыз дегеніміз өзінің мағыналық аясына ақыл, сезім, ерік, абырой, ар – ождан әділдік, шындық, махаббат тағы басқа да мәселелерді қамтып, оларға адамның қызмет аясындағы қайшы құбылыстарды қарама – қарсы қоятын ең» жоғары интеллектуалдық ұғым.

Ар – ұят адамның барлық іс - әрекетінің негізін реттейді. Осы сезім адамды шектен шығармай, белгілі бір межеде ұстап отырады, жөнсіз, нашар қылықтардан сақтандырады.

Осы қасиеттердің бәрі түптен келгенде әр адамның өзін - өзі сыйлауына әкеледі. Өзін - өзі барлық жағынан білетін адам әруақытта өз арының алдында есеп береді, өз әрекеттеріне сын көзімен қарап бағалайды. Яғни, тұлға ғана өзін - өзі тану дәрежесіне көтеріледі. Оған жете алмаған адам өзін - өзі тануға тіпті жақындаған жоқ десек артық болмайды.

Өзін - өзі таныған адам өзінің барлық мүмкіндіктерін басқара алады, ұйымдастыра алады. Өзін - өзі танудың тұлғалық сипаты дегеніміз осындай негізден туындайды.

Әдебиет

- 1 Каган М.С. К построению философской теории личности // Философские науки, 1971.- №5.-С.18 .
- 2 Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы.-Т.1.- Алматы:Жазушы, 2001.- 44 б.

Резюме

В этой статье обосновывается личностная природа самопознания. Только на уровне личностного развития человек может познать самого себя.

Summary

This article is based on personal nature of self – study.
Only on personal development person can study himself.